Баланың құқықтарын қорғау жөніндегі функцияларды жүзеге асыратын ұйымдардың тауарлары мен көрсетілетін қызметтерін жеткізушіні таңдау жөніндегі үлгілік конкурстық құжаттамаға 5-қосымша

**Тауарларды жеткізушіні таңдау өлшемшарттары**

Ескерту. 5-қосымшаға өзгеріс енгізілді – ҚР Білім және ғылым министрінің 29.05.2017 № 251 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

| № | Өлшемшарттар | Болмаған жағдайда | Болған жағдайда |
|---|---|---|---|
| 1 | Конкурстың мәні болып табылатын тауар нарығындағы әлеуетті өнім берушінің жұмыс тәжірибесі | 0 балл | әр жылға 2 балдан, бірақ 10 балдан аспауы тиіс |
| 2 | Отандық тауар өндірушілер үшін тауарларды ерікті түрде сертификаттау туралы құжаттың бар болуы | 0 балл | 1 балл |
| 3 | Ұлттық стандарт талаптарына сәйкес сапа менеджментінің сертификатталған жүйесінің (сертификатталған жүйелерінің) бар болуы | 0 балл | 1 балл |
| 4 | Ұлттық стандарттар талаптарына сәйкес қоршаған ортаны басқару менеджментінің сертификатталған жүйесінің (сертификатталған жүйелерінің) және (немесе) экологиялық таза өнім стандартына сәйкестікті растаудың бар болуы | 0 балл | 1 балл |
| 5 | Жеке өндірісінің бар болуы (2 балдан аспауы тиіс) | 0 балл | 2 балл |
| 6 | Тауарды арнайы көлікпен жеткізу (кемінде 3 балл) | | жеке көлігінің болуы (3 балл), жалдап алу, өтеусіз пайдалану, лизинг және баска да шарттар негізінде көліктің болуы (2 балл) |
| 7 | Тауарларды жеткізушіге сипаттамалардың бар болуы (кемінде 3 балл) | 0 балл | бар (әр сипаттамаға 1 балдан, бірақ 3 балдан аспауы тиіс) |
| 8 | Әлеуетті өнім берушілердің конкурс өткізілетін тиісті облыстардың, республикалық маңызы бар қаланың, астананың, аумағында кәсіпкер ретінде тіркелуінің бар болуы | 0 балл | 2 балл |

Ескертпе: 1-тармақ бойынша конкурстың мәні жөнінде тәжірибе бұған дейін жасасқан шарттармен расталады, 5-тармақ бойынша жабдықтарға құқық белгілеуші құжаттарды ұсыну қажет.